

Кембридж университетінің "Оқушы үні" жобасының тәсілі оқушыларда өзін-өзі сыйлауға, мектепке және оқыту үдерісіне, мұғалімдерге жақсы қарым-қатынас қалыптастыруға, өзін-өзі реттеуді дамытуға көмектеседі.

"Оқушы үні" жобасы.

Мақсаттары:

- оқушының оқыту мен оқу туралы пікірін ескере отырып, оқуды жақсарту;
- оқушыдан кеңес алудың әдіс-тәсілдері бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық әзірлеу;
- мектептерде ашық және қауіпсіз диалог құрудың проблемалары мен мүмкіндіктерін анықтау болатын.

«Оқушы үні» жобасы аясында

көптеген мектеп мәселелері бойынша оқушылармен кеңес жүргізілді, атап айтқанда, мадақтау және жазалау жүйесін өзгерту; жоспарлау; сыныптағы оқытуға кедергі келтіретін немесе көмектесетін ахуалды айқындау мәселелері бойынша. Бұдан әрі «Оқушы үні» жобасының негізгі идеясы осы аттас теорияға жүйеленіп, оқушылармен кеңесу оқыту мен оқу тәжірибесін және жалпы мектеп қызметін жетілдіру жолдарын іздестірудегі негізгі шаралардың біріне айналды.



/Мұғалімдерден сұхбат алу/ «Оқушы үні» жобасы аяқталған соң, жобаға қатысқан мұғалімдер арасында сауалнама жүргізіліп, оның нәтижесінде оқушылармен пікірлесу:

- оқушылардың өзін өзі құрметтеуін;
- мектеп пен оқуға қатысты жағымды көзқарас туындауын;
- мұғалімдерге деген эмоционалдық жағымды қатынас туындауын дамытуға ықпал ететіндігі расталды.

Жобаға қатысқан мұғалімдер оқушылардың жауапкершілігі мен сындарлылығына таң қалса, оқушылар өз кезегінде пікірлесудің артықшылығын мойындады. Нәтижесінде олар:

- өзгелердің өздерін құрметтейтіндігін, оларды тыңдап, пікірлерімен санасатындығын сезінді;
- мәселені шешуде олардың пікірлері есепке алынатындығына көздерін жеткізді;
- өзіндік білім алуын бақылау деңгейін анықтады;
- бірлесіп талқылауға болатын сұрақтар ауқымын анықтады;
- оқуды қалай жақсартуға болатыны туралы сенімді нығайтты;
- мектеп пен оқуға деген жағымды қарым-қатынас қалыптастырды.

Оқушылармен білім беру мәселелері бойынша пікірлесу олардың өзін өзі реттеуін дамытуына ықпал етеді. Мектеп пен сынып жұмысына қатысы бар тақырыпта оқушылармен ашық пікірлесудің жағымды әсері ретінде оқушылардың өз оқуын бақылай алатындығына, ол туралы пікір айтуға, өз